

4. Литературный энциклопедический словарь. – М., Русский язык, 1987.
5. Большая советская энциклопедия. – М., Сов. энцикл., 1970-1978. – I-XX т.
6. Твен Марк. Ибранные произведения. – М.: Государственное издательство иностранной литературы, 1983. – 270 с.

АХАҢНЫҢ АСЫЛ ӘНДЕРІ-АЙ

*Муханмедина Л.Т.
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
№ 66 мектеп-лицейі
Қарағанды қ., Қазақстан*

Сауаты, саңылауы жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз- Ахмет Байтұрсынұлы. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың барлық ауыртпалығы Ахаңның басына түсті. Ойға- қырға бірдей қуылды, түрмеге түсті. Қуғын-сүргінде жүрген кездерінде қолынан қаламын тастамаған. Маңайындағыларды өлең қуатымен жылытып, рухтандырып отырған. Бірақ Ахаңның қайраты тасымаса, қайтпады, ақылы аспаса, саспады. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел қылып, Ахаң қаламын тартпай жазумен болды [1,112б].

Көпшілік бұқараны оятудың барлық амал- тәсілін қолданып байқаған Ахаңдар қалың қазақ арасында ең өтімді үгіт құралы- өлең сөз екенін аңдады. Сол бір жылдарда ел ішінде айтылар ойдың түпқазығы “Оян, қазақ!” деген бір-ақ сөзге тірелген ұран өлеңдер көп тарап еді. Солардың алғашқы қарлығашы- Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері, оның “Қырық мысал” кітабы болатын.

“Қырық мысалды” оқи отырып, таныс сюжеттерге ұшырасқанда, олардың И. А. Крыловтан аударылды дегеніне қол қойсаң да, таза қазақы түсінік, ұлттық ұғыммен түйінделген ғибрат бөліміне келгенде ойналып-ақ қаласың.

А. Байтұрсынұлының өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады...

“Ахмет- Абайдан кейінгі саяси- әлеуметтік тақырыпты жалау еткен көрнекті ақын” дегенде, осы “Қырық мысал” мен кейінірек дүниеге келген “Маса” жыр кітаптары тіл ұшына оралып еді. “Аққу, шортан һәм шаян”, “Ат пен есек”, “Егіннің бастары”, “Қасқыр мен тырна” т.с. с. мысалдарының қай- қайсысын алмаңыз, қарапайым тіл, көркем ой-түйінмен замана суретін салады, ел-жұртының теріс мінез- құлқын бетіне басады. Ең жеңіл мысал жанрын таңдап алып, мысқыл отын қыздыра түседі., теріс қылықтардың бәрін аямай қамшылайды. [2,289б].

Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан Ахаң өлеңін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға тырысты. Атақты “Маса” жинағы осылай туды.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса:
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен қара, яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?!

Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді. Бұл тұрғыда оның “Жиған- терген” деген өлеңінің мәні ерекше. Бұл өлең жаңа бір дәуірде туған, ұлы Абайдың арман- мұңын аса бір қажет тұста қайталап қазағына қайта жолдаған “Сегіз аяқтың” жалғасы, жаңа көрінісі сияқты.

Балалық қалып,
Ес біліп анық.
Ер жеткелі жиырма жыл.
Баяғы қалпы
Баяғы салты
Бұ неткен жұрт ұйқышыл.
Болсын кедей, болсын бай
Жатыр бейқам, жым- жырт жай.
Емшегін еміп,
Анаға сеніп
Бала ұйықтайды жастықпен.
Қымызға қанып,
Қызарып жанып,
Бай ұйықтайды мастықпен.
Шалап ішкен кедей мас.
Мына жұрттың бәрі оңбас!

Күрес жолында кездескен қиындықтар, жазықсыз қамау, түрме жағдайындағы қапас геройды өмір мен оның мәні, күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қоймайды. Бір мезгіл ол жазықсыз жанды ұстатқан қара ниетті адамдарды есіне түсіреді. Бірақ олардың ісін кек тұтпайды, надандықтан көреді. “Тілек- батам” өлеңінде:

Я құдайым! Аққа жақ!
Өзіңе аян- мен нақак,
Аққа деген жолымның
Абыройын ашпай, жап!-
деп өз тілегін білдірсе, екінші кезекте:

Мені ұстатып, айдатып
Зығырданды қайнатып.
Масайрасын, маз болып,
Қуанғанды өзің тап!-
деп олардың жазасын құдайдан күтеді.

...Көп отырып шаршаған кезде Ахаң домбырасын қолға алып, ән айтқанды жақсы көретін. Күйлерді де көп тартатын. Ұлттық музыканы ғана емес, операны да жақсы көретін. Тумысынан ауыз әдебиеті, халық әндері мен күйлерін еміп өскен Ахмет Байтұрсынұлы ұлттық аспаптардың бәрінде бірдей ойнайтын шебер орындаушылығымен қатар, өзі де жанынан ән шығарған айтулы композитор болған.[2,288б].

Қарғаш

Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде, беу, қарағым,
Кемесіндей дарияның бұлаңдаймын.

Жылқым жатыр Ақкөлдің шаңдағында,
Кімдер сері болмайды бойдағында.

Қыз кеткен соң ауылыңнан қызық кетер,
Келіп- кетіп жүрсейші ойнағыңа.

Халықтың жан дүниесінің мөп- мөлдір бұлағындай болған өнеріне шөлі қанғанша мол сусындаған, оған өзі де бір тамшы болса да үлес қосқан Ахаң нақақтан атылды. Бірақ, Ахаңның өмірі де, Ахаңның ілімі де өшкен жоқ, өшпейді де. Оның жүрек үні туған жердің самалынан естіліп, ән болып айтылып, күй болып күмбірлей бермек. [3,320б].

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат.- Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992.- 112 б.
- 2.Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. -Алматы: Білім, 1995.- 288 б.
- 3.Байтұрсынов А. “Шығармалар”: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

**XX ҒАСЫР БАСЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨКІЛІ –
БАЙБАТЫР ЕРЖАНҰЛЫ (ИСМАЙЫЛҰЛЫ) ҚҰЛАҚБАЕВ**

*Зекенова А.Ж., фил.ғ.к.
ЖББПД профессоры
M.S.Narikbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti
Астана қ., Қазақстан*

XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті туралы пікірлер де, ғылыми ізденістер де аз емес. Алайда осы еңбектердің арасынан толыққанды, мүмкіндігінше барлық қайраткерлердің есімдері жазылып, ақпараты берілген, ең болмаса, антологиялық деңгейде құрастырылған еңбектер жоқтың қасы. Қазақ мәдениетінде ақтандақтар ақталуының басы 1959 жылдары басталды, ал кейінгі есімдері ел-жұртымен табысқан кезеңі – 1988-89 жылдар. Содан бері неше диссертациялар қорғалды, ғылыми жобалар жүзеге асып жатыр. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі»-нің 100 томдғын да даярлап, жарыққа шығардық. Қазақ әдебиетінің қайнар көзі ауыз әдебиеті мен жырлар саналғанымен, XX ғасыр басындағы қазақ қайраткерлерінің есімдері мен істеген әрекеттерін зерттеп, жинақтап, жарыққа шығарса, дәл осы 100 томдықтан асып кетпесе, кем түсе қоймайды деп ойлаймыз. Себебі барлық XXI ғасырды толығымен алғанда ең көп еңбек етіп, еңбектерін баспасөзде жарыққа шығара бастап, қазақ тілі, мәдениеті, тарихы туралы жазып, ел тәуелсіздігін көксеген негізгі кезең осы – XX ғасыр басы. Сондықтан да барлық саладағы қайраткерлерді қосқанда бір жүздіктен асып жығылатыны айқын. Оған қоса, классикалық деңгейде қалам тартып, көркем дүниелерін жазып, әрі қайраткерлікпен айналысқан азаматтардың ғана шығармалары мен істеген игі жақсылықтарын айтып қана қоймай, ірілі-ұсақты қаламгерлерді де тарих беттеріне қондыра отырып, тәрбие беруде пайдаланған жөн. Себебі сондай қаламгерлердің де айтары бар, ал олардан елдің үйренері көп. Мысалы, «Айқап» бетінде материалдарын жарыққа шығарған Байбатыр Ержанұлы, Мұстақым Малдыбаев, Кенжеғали Ғабдуллин, Самат Әбішев, Ахмет Мәметов, сонымен қатар Жұмағали Тілеулин, Әбуһайра Жұсыпов, Ахмет Жанталин, Сәдуақас Шорманов, т.б. еңбектерін жинап-зерделеу керек [1].

Осы қатарда тұрған Құлақбаев Байбатыр (Ержанұлы) Исмайылұлы 1897 жылы сәуірде Қарағанды облысы, Пресковский ауданы, Спасский ауылсовет, № 14 ауылда дүниеге келген. Толық ақпараты:

– Бірінші сотталуында 1934 жылы Қылмыстық кодекстің 3-бабы бойынша қоғамдық жұмыстарға тартылған;